

**Жарас Ертайұлы Ескендір^{1*}, Сәрсенбай Қуантайұлы Құлманов²,
Нұрлан Айтақынұлы Қайранбаев³**

^{1*}автор-корреспондент, докторант, Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-9623-3559 E-mail: jaras.eskendir.98@mail.ru

²филология ғылымдарының кандидаты, профессор,

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0001-8289-9299 E-mail: k.k.sarsen@mail.ru

³А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0009-0008-2856-9406 E-mail: nurlan09061976@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӘМБЕБАП ЭЛЕКТРОНДЫҚ СӨЗДІГІ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫНЫҢ ВЕБ-ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа. Мақала Қазақ тілінің ұлттық корпусының веб-құралы ретіндегі Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігінің құрылымы мен мазмұнына, оны әзірлеу мен пайдалану тәсілдеріне арналады. Мақалада электрондық сөздіктердің баспадан шыққан сөздіктерден айырмашылықтары, өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары, түрлері ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасала отырып қарастырылды. Сапалық сипаттама әдісі арқылы электрондық сөздіктерге сипаттама беріліп, талдау жасалды. Отандық электрондық сөздіктер баспадан шыққан сөздіктердің электрондық нұсқаларын жинақтаған веб-сөздіктер, пайдаланушы үшін электрондық платформаларда әзірленген веб-сөздіктер және жиынтық сөздіктер сияқты түрлерге бөлініп, әрбір электрондық сөздік туралы қысқаша ақпарат берілді. Тәуелсіз мемлекеттер достығына мүше мемлекеттердің электрондық сөздіктеріне жалпы шолу жасалды. Ал шетелдік электрондық сөздіктер мазмұны, құрылымы мен ерекшеліктеріне қарай әмбебап, түсіндірме, жиынтық, тарихи, сленг, визуалды және аударма тәрізді түрлерге жіктеліп талданды. Осы аталған отандық және шетелдік тәжірибелерді ескере отырып, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында әзірленген «Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігінің» жасалу барысы, бағдарламалық құрылымы, өзіндік ерекшеліктері мен әмбебаптылығы сипатталды. Бұл сөздік Қазақ тілінің ұлттық корпусының веб-құралы ретінде қызмет етеді. Себебі ұлттық корпус пен веб-сөздік – тілдік деректерді бір-бірімен толықтырып отыратын цифрлық ресурс. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдісі арқылы аталмыш әмбебап сөздіктің өзге де отандық электрондық сөздіктермен ұқсастығы және олардан айырмашылығы анықталды.

Тірек сөздер: электрондық сөздік; веб-сөздік; лексикография; электрондық платформа; әмбебап электрондық сөздік

Қаржыландыру көзі: Мақала BR21882249 «Мәдениетаралық коммуникация құралы ретіндегі Қазақ тілінің ұлттық корпусын (ҚТҰК) жетілдіру және оның ішкорпустарын кеңейту» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Ескендір Ж.Е., Құлманов С.Қ., Қайранбаев Н.А. Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігі – қазақ тілінің ұлттық корпусының веб-құралы. *Tiltanyam*, 2025. №3 (99). 187-201-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-187-201>

**Жарас Ертайұлы Ескендір^{1*}, Сәрсенбай Қуантаевич Кулманов²,
Нурлан Айтақынұлы Қайранбаев³**

^{1*}автор-корреспондент, докторант, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-9623-3559 E-mail: jaras.eskendir.98@mail.ru

²кандидат филологических наук, профессор,

Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0001-8289-9299 E-mail: k.k.sarsen@mail.ru

³Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0009-0008-2856-9406 E-mail: nurlan09061976@gmail.com

УНИВЕРСАЛЬНЫЙ ЭЛЕКТРОННЫЙ СЛОВАРЬ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА – ВЕБ-ИНСТРУМЕНТ НАЦИОНАЛЬНОГО КОРПУСА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. Статья посвящена структуре и содержанию универсального электронного словаря казахского языка как веб-инструмента Национального корпуса казахского языка, способам его разработки и использования. В статье, опираясь на научную литературу, анализируются различия электронных словарей и печатных изданий, их характерные особенности, возникающие сложности и основные виды. Электронные словари были описаны и

проанализированы с использованием качественного описательного метода. Отечественные электронные словари были классифицированы на следующие типы: веб-словари, содержащие электронные версии печатных изданий; веб-словари, разработанные непосредственно на электронных платформах для пользователей; а также сводные словари, предоставляющие краткую информацию о каждом электронном ресурсе. Проведен общий обзор электронных словарей государств – членов Содружества Независимых Государств. Иностранные электронные словари проанализированы по содержанию, структуре и специфике, с разделением на универсальные, толковые, сводные, исторические, сленговые, визуальные и переводческие типы. С учетом данного отечественного и зарубежного опыта был описан ход разработки, программная структура, специфические особенности и универсальность «Универсального электронного словаря казахского языка», разработанного Институтом языкознания имени А.Байтурсынулы. Этот словарь служит веб-инструментом Национального корпуса казахского языка, так как Национальный корпус и веб-словарь – это цифровой ресурс, который дополняет друг друга языковыми данными. В ходе исследования методом сравнительного анализа было выявлено сходство и отличие данного универсального словаря от других отечественных электронных словарей.

Ключевые слова: электронный словарь; веб-словарь; лексикография; электронная платформа; универсальный электронный словарь

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования BR21882249 «Совершенствование Национального корпуса казахского языка (НККЯ) как средства межкультурной коммуникации и расширение его внутрикорпусов».

Для цитирования: Ескендир Ж.Е., Кулманов С.К., Кайранбаев Н.А. Универсальный электронный словарь казахского языка – веб-инструмент Национального корпуса казахского языка. *Tiltanyim*, 2025. №3 (99). С. 187-201. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-187-201>

Zharas Yesskendir^{1*}, Sarsenbai Kulmanov², Nurlan Kairanbayev³

^{1*}Corresponding author, Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-9623-3559 E-mail: jaras.eskendir.98@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, Professor, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-8289-9299 E-mail: k.k.sarsen@mail.ru

³A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0008-2856-9406 E-mail: nurlan09061976@gmail.com

UNIVERSAL ELECTRONIC DICTIONARY OF THE KAZAKH LANGUAGE – WEB-BASED TOOL OF THE NATIONAL CORPUS OF THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. The article is devoted to the structure and content of the universal electronic dictionary of the Kazakh language as a web-based tool of the National Corpus of the Kazakh language, ways of its development and use. The article discusses the differences between electronic dictionaries and published dictionaries, their specific features and difficulties, types with reference to scientific literature. Using the qualitative description method, descriptions were given and electronic dictionaries were analyzed. Domestic electronic dictionaries were divided into types such as web dictionaries, which collected electronic versions of published dictionaries, web dictionaries developed on electronic platforms for users, and summary dictionaries to provide brief information about each electronic dictionary. A general review of the electronic dictionaries of the Friendship of Independent States member states has been conducted. Foreign electronic dictionaries were analyzed in terms of content, structure, and features, divided into universal, explanatory, summary, historical, slang, visual, and translation types. Taking into account this domestic and foreign experience, the course of development, program structure, specific features and universality of the “Universal Electronic Dictionary of the Kazakh language” developed by the A. Baitursynuly Institute of Linguistics was described. This dictionary serves as a web-based tool for the National corpus of the Kazakh language. Because the National corpus and the web dictionary are a digital resource that complement each other with linguistic data. The comparative analysis revealed the similarity and difference of this universal dictionary from other Russian electronic dictionaries.

Keywords: electronic dictionary; web dictionary; lexicography; electronic platform; universal electronic dictionary

Source of funding: The article was prepared within the framework of the program-specific financing project BR21882249 “Improvement of the National Kazakh Language Corpus (NKLC) as a means of intercultural communication and expansion of its internal buildings”.

For citation: Yesskendir, Zh., Kulmanov, S., Kairanbayev, N. Universal Electronic Dictionary of the Kazakh Language – Web-based Tool of the National Corpus of the Kazakh Language. *Tiltanyim*, 2025. No.3 (99). P. 187-201. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-187-201>

Кіріспе

Бүгінгі ақпараттық цифрлық технология қарыштап дамып отырған жаһандану заманында тілдер де сол технологиямен бірге автоматты түрде даму үстінде. Себебі тілсіз ақпараттық

технологиялармен жұмыс жасау мүмкін емес. Тілді цифрландырудың алғашқы қадамдары тілдік базаны корпусқа енгізуден басталып, жасанды интеллектіні қалыптастыру мен дамытуға арналады. Ал электрондық сөздіктер – тілдің ақпараттық жүйеге енуінің және тілді цифрландырудың маңызды құралдарының бірі. Техникалық мүмкіндіктердің кеңеюіне байланысты қоғамның қажеттілігі де күшейе түсті, осының негізінде лексикография теориясы мен тәжірибесі жаңа деңгейге көтеріліп, қазақ тілінің қолданыс кеңістігі арта түсуде. Егер белгілі бір тілдің сөздігі немесе сол тіл туралы ақпарат интернетте табылмаса, онда ол тілді толыққанды өмір сүріп жатыр деудің өзі қиын. Демек, интернет кеңістігінде белгілі бір тілдің орын алуы сол тілдің өміршеңдігі мен қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан сөздік жасауды автоматтандыру жұмыстары интернет жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Бүгінгі күннің талаптарына сәйкес сөздік жасаудың алдына жаңа міндеттер қойылып отыр. Осы ретте қазақ тілінің сапалы электрондық веб-сөздіктерін жасау және оларды кешенді тұрғыдан зерттеу – күн тәртібінде тұрған міндеттердің бірі.

Электрондық сөздіктерге түсіндірме сөздік, фразеологизмдер, синонимдер, омонимдер, антонимдер сөздігі, аударма сөздіктер және ұлттық корпустар жатады. Мұндай сөздіктердің мынадай ерекшеліктері болады: терминологиялық, тілдік бірлікті және дефиницияны іздеу әлдеқайда жеңіл болады, тек сөзді тауып қана қоймай, тілдік бірліктің лингвистикалық сипаттамасын, қызметін және ерекшеліктерін де көрсете алады, қосымша иллюстрацияларды, схемаларды, аудио, сурет және бейне материалдарды беруге болады, тұтынушыға керек ақпаратты ғана береді, сөздікті толықтырып отыру аса үлкен күш пен қаржыны талап етпейді және т.б. Электрондық сөздіктер арнаулы платформаларда (сайттарда) орналастырылады. Мұндай платформаларды «веб-сөздіктер» деп те атайды. Сол платформалар негізінде ақпараттық технологиялық бағдарламалар мен қосымшалар жасалады. Сонымен бірге электрондық сөздікті тіл үйрету мақсатында пайдалануға болады. Әлемнің дамыған елдеріндегі электрондық сөздікте ағылшын тілін үйрететін арнаулы парақшалар да кездеседі. Сол себепті тілді цифрландыру мен оның өміршеңдігін арттыруда электрондық веб-сөздіктерді дамыту тіл білімі мен цифрлық лингвистика саласының өзекті мәселесіне айналды. Осы ретте бұл зерттеу жұмысы қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігін әзірлеудің ғылыми-практикалық мәселелеріне арналып отыр.

Материал және әдістер

Мақалада, ең алдымен, сипаттама және салыстырмалы талдау әдістері басшылыққа алынды. Зерттеу нысаны ретінде отандық, шетелдік және А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеген «Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігі» алынды. Осы сөздікті жасау үшін, бүгінде қолымызда бар шетелдік және отандық электрондық сөздіктердің ерекшеліктерін, құрылымы мен мазмұнын талдау және әмбебап, түсіндірме, тарихи, жиынтық, сленг, визуалды және т.б. түрлерге жіктеу үшін сипаттама әдісі қолданылды. Сонымен бірге «Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігінің» өзге отандық сөздіктерден айырмашылықтары мен ұқсастығын, әмбебап сипатын анықтау және өзге шетелдік сөздіктерді бір-бірімен салыстырып талдау барысында салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Нәтижесінде әрбір сөздіктің құрылымдық ерекшеліктері ашылып, «Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігін» әзірлеу тәсілдері мен өзге сөздіктермен ұқсастығы және айырмашылықтары көрсетілді.

Әзірленген «Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігі» сайтының әзірлеу мақсатында төмендегідей бағдарламалық құралдар мен әдіс-тәсілдер пайдаланылды:

1. Қолданылған дерекқор (Database)

- сайттың құрылымына және іздеу мүмкіндіктеріне қарай, онда мәтіндер мен сөздерді морфологиялық талдау үшін дерекқор ретінде MySQL қолданылды;

- MySQL дерекқоры лингвистикалық ақпаратты, сөздердің негізгі формалары мен сөз тіркестерін, сондай-ақ әртүрлі грамматикалық сипаттамаларды талдау үшін қолданылды.

2. Қолданылған бағдарламалық тілдер (Backend languages)

- PHP: Бұл бағдарлама тілі веб-сайттардың сервер жағын құруда жиі қолданылады және дерекқормен оңай интеграцияланады;

- Python: Кейбір морфологиялық талдау және тіл өңдеу алгоритмдерін орындау үшін пайдаланылды; Python-ның тілдік деректерді өңдеу мүмкіндігі кең, мысалы, морфология және синтаксисті талдауда кеңінен қолданылды.

3. Сайттың интерфейсін жасауда төмендегі технологиялар қолданылды:

- HTML құрылымын құруға арналды;
- CSS беттердің стилін және көрінісін жақсартуға арналды;
- JavaScript интерактивті элементтерді жасауға арналды;
- jQuery іздеу формасын және қолданушылардың сұраныстарын өңдеуге арналды.

4. Сайт API арқылы деректерді талдау және өңдеу қызметтерін атқарды. Бұл API арқылы пайдаланушылар сайтқа енгізген сөздер туралы кең ақпарат алуға болады. Сайтта сөздерді морфологиялық талдау автоматтандырылғандықтан, морфологиялық ақпараттарды өңдейтін API қолданылды. Бұл API-лер сөздің негізін, сөз тудырушы аффикстерін және олардың өзгеру түрлерін анықтайды.

5. Қолданылған құралдар мен модульдер:

- Morphological Parsers: Сайт морфологиялық талдау жасауды жүзеге асыратындықтан, арнаулы морфологиялық талдаушылар (parsers) қолданылды. Бұл құралдар сөздің негізін және түрлі аффикстерді бөліп көрсетеді;

- Search Engine: Іздеу жүйесі қолданушыға нақты сөзді немесе сөз тіркесін табуға мүмкіндік береді.

6. Көптеген PHP және MySQL қолданатын жобалар Linux серверлерінде орналастырылды. Apache немесе Nginx сияқты веб-серверлер қолданылып, сайтқа кірген қолданушылардың сұраныстарын өңдеп, оларға жауап қайтарады.

7. Сайтта қазақ тілінің морфологиялық заңдылықтарын талдауға арналған күрделі лингвистикалық алгоритмдер мен құралдар қолданылды. Бұл құралдар сөздердің әртүрлі грамматикалық формаларын тану мен өңдеуге мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

Интернет кеңістігінің кең жайылуы сөздіктердің жаңа түрлерінің пайда болуына әсер етіп, тіларалық, мәдениетаралық байланыстар өріс алып, күшейе түсті. Бұл өз кезегінде лексикография мәселелеріне деген қызығушылықты арттырды. Зерттеушілер Н. Сармила, А.М. Яури, Х. Ресиади электрондық сөздікке енген тілдік бірліктер баспадан шыққан сөздікке қарағанда әлдеқайда көп және электрондық сөздіктерде сөз іздеу жылдамдығы жоғары әрі жеңіл болатынын жазса (Sarmila, 2022: 40), М.В. Макарич, Ю.Б. Швед, М.О. Попова өз мақалаларында заманауи электрондық сөздіктің бағдарламалық қамтымын жүзеге асырудың екі типі бар екенін айтады. Бірі – мобильді қосымшалар, екіншісі – веб-қосымша, яғни сайт арқылы. Бірінші интернетте веб-сөздік жасалып, соның негізінде мобильді қосымшасы жасалады. Веб-сөздікті қолдану үшін пайдаланушыға интернет қолжетімді болғаны маңызды. Яғни смартфонның операциялық жүйесімен шектелмейді, жадты толтырмайды және бір сәтте сөздікті көптеген адам пайдалана алады. Ал мобильді қосымшада қосымшалар орналасқан дүкеннен жүктеп, жаңартып отыру керек. Интернетте орналасқан веб-сөздіктің кемшілігі үнемі онлайн жұмыс жасауға тура келеді, ал смартфонда офлайн жұмыс жасай беруіне болады (Makarych, 2020: 424).

Зерттеушілер О.П. Фесенко мен С.С. Лаухина электрондық сөздіктерді екі топқа бөледі:

1. Лексикографиялық баспадан шыққан сөздіктің электрондық нұсқасы. Ондай нұсқаларға pdf, epub, jpeg, doc, т.б. форматтағы сөздіктер кіреді.

2. Пайдаланушы үшін электрондық платформаларда әзірленген, компьютерлік бағдарламаларда жасалған сөздік. Мысалы: termincom.kz, sozdik.kz, ABBYY Lingvo x6, Oxford English Dictionary, Мультитран (Фесенко, 2015: 46).

Пайдаланушы үшін электрондық платформаларда әзірленген электрондық сөздіктің мынадай ерекшеліктері бар:

1. Электрондық форматта терминді, тілдік бірлікті және дефиницияны іздеу әлдеқайда жеңіл болады. Егер іздеу жолында сөз қате терілген болса, электрондық сөздік өз нұсқаларын көрсетеді. Сол сөзді ғана емес, сонымен тіркесетін, қосарласатын күрделі сөздерді де ұсынады. Осы гиперсілтемелерді басу арқылы пайдаланушы өзіне керек ақпаратты тез тауып алады. Мұндай мүмкіндікті лексикограф ғалымдар сөздіктің икемділігі немесе «гипермәтінділік» деп атайды.

2. Веб-сөздік тек сөзді тауып қана қоймай, тілдік бірліктің сипаттамаларын, қызметін және ерекшеліктерін де көрсете алады. Ондай сипаттамаларға сөздің құрамы мен құрылымы, фонетикалық және грамматикалық талдауы, басқа сөздермен тіркесуі, лексикалық мағынасы мен

этимологиясы, дефинициясы және т.б. жатады. Бұл сөздіктің әмбебаптылығын көрсетеді.

3. Веб-сөздікке қосымша иллюстрацияларды, схемаларды, аудио, сурет және бейне материалдарды беруге болады. Сөздіктің мұндай қасиетін лексикографияда «мультимедиялылық» деп атайды.

4. Электрондық веб-сөздік пайдаланушыға керек ақпаратты ғана береді. Біреуге сөздің дұрыс нұсқасы, біреуге оқылуы мен дыбысталуы, дефинициясы т.б. керек. Осы арқылы компьютерлік электрондық сөздік әртүрлі білім, мәдениет, сала мамандарына, қала және ауыл тұрғындарына, мектеп оқушылары мен студенттерге және ғалымдарға бағытталып икемделеді (Фесенко, 2015: 47).

5. Қажетті сөзді іздеудің түрлі мүмкіндіктері болады. Мысалы, француз тілінің электрондық лексикографиялық ресурсы «Nouveau Petit Robert. Version électronique» (Жаңа кішкентай Роберт. Электрондық нұсқасы) мынадай сөз іздеу түрлері бар: мақала тақырыбы бойынша іздеу (Entrées), дыбыстау арқылы іздеу (Phonétique), этимологиясы бойынша іздеу (Étymologie), цитата бойынша іздеу (Citations), бүкіл сөздіктің мәтіні бойынша іздеу (Texte) (Морель Морель, 2008: 132-133).

Сөздіктер тілдің сөздік қорына қарай үнемі толығып, өзгеріп және жаңарып отырады. Электрондық сөздікті толықтырып отыру аса үлкен күш пен қаржыны талап етпейді. Сондықтан тіл өміршеңдігін арттырудың бірден-бір жолы осы веб-сөздіктер әзірлеу болып табылады.

Веб-сөздіктерді жасаудың мынадай қиындықтары да кездеседі:

1. Ақпараттық технологияның қарқынды дамуы электрондық платформалар (сайттар), бағдарламалар мен қосымшалардың тез ескіруіне және жаңа буын пайдаланушыларына жарамсыз болып қалуына әкелуі мүмкін. Сондықтан заманауи лексикографтарға тек сөздік қорды ғана жаңартпай, сонымен бірге сөздік орналасқан платформаларды да жаңартып отыруға тура келеді.

2. Бүгінгі сөздіктің заманауи компьютерлік электрондық нұсқасында сөздік қор ғана емес, сонымен бірге көптеген ғалымдар мен ғылыми мектептердің еңбектерінің нәтижелерін біріктіру қажеттілігі де туды. Көптеген ғалымдардың еңбектерінде тіл тарихындағы әртүрлі кезеңдердің лексикалық базасы, фразеологиялық қоры жинақталған.

3. Жаңа электрондық сөздіктерді шығарушылар сөздікті коммерцияға айналдыруы мүмкін. Яғни пайдаланушыларға тегін берудің орнына, ай сайын немесе жыл сайын түсетін табыс көзіне айналдыру қаупі де бар. Мұндай жағдайды болдырмас үшін пайдаланушының сұранысын қанағаттандыру мақсатында мемлекеттің қолдауы аса маңызды (Фесенко, 2015: 47).

Осындай қиындықтарға қарамастан, электрондық сөздік баспадан шыққан сөздіктерді біртіндеп ығыстыруда. Сондықтан заманауи компьютерлік электрондық сөздікті жасайтын мамандардың, мекемелердің басты міндеті – қолдануға жеңіл әрі ыңғайлы, әмбебап, тілдің барлық саласын қамтыған, пайдаланушының сұраныстарын қанағаттандыра алатын, қоғамның барлық саласында пайдаға асатын сөздік жасау.

Электрондық сөздіктерді кез келген адам тілді зерттеуге, тіл бірліктері туралы ақпарат алуға және өзге тілді үйренуге пайдалана алады. Тіл үйренуде электрондық сөздікті пайдаланудың тиімділігін дәлелдеу мақсатында Н. Сармила, А.М. Яури, Х. Ресиани Индонезияның бастауыш мектебінде оқитын 8 жастағы 45 оқушыға ағылшын тілін меңгеру бойынша тәжірибе өткізді. Нәтижесінде электрондық сөздік оқушылардың белсенділігі мен сөздік қорды кеңейтуге деген ынтасын арттырған (Sarmila, 2023: 43). С. Карами мен М.Дж. Риасати де тілді үйрету және үйрену барысында электрондық сөздікті қолданудың маңыздылығын жоққа шығаруға болмайтынын айтады. Өйткені, білім алушыларды оқытушыға тәуелділіктен арылтады. Ол үшін білім алушылар электрондық сөздікті білім алу үдерісінде тиімді пайдалануды үйренулері қажет (Karami, 2023: 2). Бұдан электрондық сөздікті тілді зерттеу мақсатында ғана емес, сонымен қатар отандық және шетелдік азаматтарға тіл үйрету сабақтары үшін ұтымды пайдалануға болатынын көруімізге болады.

Сайтта орналасқан электрондық сөздікті әртүрлі тақырыптармен байытуға болады. Мысалы: әдебиеттану, спорт, өнер, тарих т.б. Соның ішінде спорттық метафоралармен толықтырылған электрондық сөздіктің жобасы туралы О. Карабутова т.б. өздерінің мақаласында баяндайды. Онда украин тілді спорт комментаторларының сөздерінен жазылып алынған спорттық метафоралар енгізілген (Karabuta, 2020: 45-46).

Сондай-ақ М.Л. Марус ABBYY Lingvo x6 және Мультитран электрондық сөздіктерін талдаса

(Марус, 2015: 68-70), Г.А. Мадьярова, К.Н. Байсалбаева, А. Ибрайымқызы мақалаларында Мультитран, Prompt және Кембридж (Cambridge Dictionary) электрондық сөздіктеріне сипаттама беріп өтеді (Мадьярова, 2021: 320). Т.С. Критчфелд мақаласында Визувордс сөздігі талданса (Critchfeld, 2017: 318-322), Т.Б. Вепрева Dictionary.com және OneLook Dictionary Search электрондық сөздіктерін қарастырады (Вепрева, 2017: 165).

Зерттеуші Р.В. Кузьмина Оксфорд ағылшын сөздігінің білім беру саласында беретін мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін қарастырса (Кузьмина, 2021: 179-186), Э.Акимов мен В.Акимов мақаласында диалектілік фразеологизмдердің электрондық сөздіктерін, электрондық картотеканы автоматты түрде жасаудың алғышарттары айтылады (Акимов, 2013: 1-3), ал электрондық аударма сөздікті әртүрлі лексикографиялық сөздіктерді қамтитын кешенді электрондық сөздікке айналдыру жолдарын А.Н. Ефремова өз мақаласында әртүрлі дереккөздерге сілтеме жасай отыра баяндайды (Ефремова, 2015: 40).

Қазақ тіл білімінде лексикография мен терминографиядағы баспадан шыққан сөздік түрлерінің ұқсастығын (аударма, түсіндірме), олардың мақсат-міндеттеріне байланысты айырмашылықтарын Е. Әбдірәсілов өз еңбегінде атап өтсе (Әбдірәсілов, 2005: 34), қазіргі қазақ лексикографиясының электрондық сөздіктерге дейінгі тарихы Г. Көбденованың мақаласында қарастырылады (Көбденова, 2013). Сонымен қатар С.Қ. Құлманов және т.б. бірлескен авторлар мақаласында Қазақ тілінің ұлттық корпусы құрамындағы терминологиялық ішкорпус әзірлеу барысында белсенді түрде қолданылған termincom.kz қазақ-орыс тілдеріндегі салалық терминологиялық қорға арналған терминологиялық дерекқор туралы зерттеу жасалған (Құлманов және т.б., 2024: 155-165).

Аталған ғылыми әдебиеттерді, шетелдік электрондық сөздіктерді бір-бірімен салыстырып талдай келе, мақалада А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеген «Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігінің» сипаты, өзге отандық сөздіктермен ұқсастығы мен айырмашылықтары нақты мысалдар арқылы көрсетілді.

Нәтижелер және талқылау

XXI ғасырда қазақ тілінде баспадан шыққан сөздіктердің дамуы мына қадамдардан тұрады:

1. Баспадан шыққан сөздіктер сканерлік аппараттан өту арқылы электрондық pdf, epub, jpeg және т.б. нұсқалары әзірленіп, оқулықтарға арналған сайттарға салыну керек;

2. Pdf, epub, jpeg және т.б. нұсқалардағы электрондық сөздіктерді оқып қана қоймай, оның мәтіндерін автоматты тану арқылы «тірілтіп», құрамындағы сөздерді іздеу, көшіру, «doc» нұсқаға ауыстыру мүмкіндігі болу керек;

3. Бірнеше сөздіктегі ақпараттарды сұрыптап, қосымша ақпараттарды қосып, дербес деректер ретінде (кітап күйінде емес) интернеттегі платформаларға салып, пайдаланушының (адамның) қажетіне қарай керек ақпаратын сүзгілер арқылы іздеу батырмасы болу керек т.б.

Біз отандық электрондық сөздіктерді олардың түрі мен нұсқаларына қарай: баспадан шыққан сөздіктердің электрондық нұсқаларын жинақтаған веб-сөздіктер, пайдаланушылар үшін электрондық платформаларда әзірленген веб-сөздіктер және жиынтық сөздіктер түрлеріне жіктедік (Кесте 1).

Кесте 1 – Отандық электрондық сөздіктердің түрлері

Таблица 1 – Виды отечественных электронных словарей

Table 1 – Types of domestic electronic Dictionaries

<i>Сөздіктің түрлері</i>	<i>Электрондық сөздіктер</i>
Баспадан шыққан сөздіктердің электрондық нұсқаларын жинақтаған веб-сөздіктер	Электрондық мемлекеттік кітапхана қорының каталогы (https://kazneb.kz/), Тілтанымдық электрондық кітапхана (https://tbikitap.kz/), Сөзтексер (https://soztekser.kz/)
Пайдаланушы үшін электрондық платформаларда әзірленген веб-сөздіктер	Емле.кз (https://emle.kz/), Сөздік.кз (https://sozdik.kz/), Терминком.кз (https://termincom.kz/), Кітап.кз (https://kitap.kz/)
Жиынтық сөздіктер	Сөздікқор (https://sozdikqor.kz/), Словопедия (http://kaz.slovopedia.com/), Лұғат сөздіктер (https://lugat.kz/)

Баспадан шыққан сөздіктердің электрондық «pdf» нұсқаларын жинақтаған қазақ тіліндегі

отандық веб-сөздіктерге төмендегі платформалар жатады:

1. Электрондық мемлекеттік кітапхана қорының каталогы (<https://kazneb.kz/>) – қазақша электрондық кітаптардың қоры көп ресурстардың бірі. Мұнда сөздіктерді онлайн ашып оқуға, 3D танысуға және жүктеуге болады;

2. Тілтанымдық электрондық кітапхана (<https://tbikitap.kz/>) – қазақ тіл білімінің ғылыми еңбектері мен сөздіктерін қамтыған электрондық ресурс. Бұл платформада сөздікке арнайы парақша арналып, тіл біліміне қатысты барлық электрондық сөздіктер жинақталған;

3. Сөзтексер (<https://soztekser.kz/>) – пайдаланушыларға кирил және латын графикалары бойынша тілдегі жеке әдеби сөздер мен оларға жалғанатын қосымшаларды, сөз тіркестері мен сөйлемдерді орфографиялық нормаға сай жазылуын тексере алатын платформа. Бұл платформада «Орфографиялық сөздіктің», «Терминдер сөздігі» мен «Жиілік сөздіктің» «pdf» форматы, сондай-ақ монографиялар мен мақалалар, сөйлеу мен жазуға қатысты аудио және бейне дәрістер берілген.

Ал пайдаланушы үшін әзірленген электрондық платформалардағы веб-сөздіктер мыналар:

1. Емле.кз (<https://emle.kz/>) – қазақ тілінің орфографиялық электрондық базасы. Сайтта кез келген сөзді теріп, дұрыс жазылуын тексеруге болады. Дереккөз ретінде 2013 жылғы Н. Уәли, Қ.Күдерінова, А. Фазылжанова, Ж. Исаева, Н. Әміржанова, А. Әмірбекова құрастырған орфографиялық сөздік берілген. Сөздікте дара және күрделі сөздер, фразеологизмдер, терминдер, ұйым, мекеме атаулары, транслитерациясы (бұрынғы нұсқасымен), дыбысталуы т.б. қамтылған;

2. Сөздік.кз (<https://sozdik.kz/>) платформасы – қазақ тілі мен орыс тілі арасындағы сөздерді немесе сөз тіркестерін, фразеологизмдерді аударуға бағытталған веб-сөздік. Мұнда сөздерді кирил жазуын латын графикасына транслитерациялау мүмкіндігі бар. Сөздікте салалар, халықаралық фонетика әліппесі (ХФӘ), сөздердің мағыналары (ауыспалы, қарғыс, көнерген), мақал-мәтелдер және т.б. арнайы көрсетілген;

3. Салалық терминдер, олардың орыс тіліндегі аудармалары, бекітілген жылдары және әртүрлі салалардағы қолданысы – Терминком.кз (<https://termincom.kz/>) платформасында қамтылған. Мұнда 30 томдық қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздіктер, бекітілген терминдердің 1971 жылдан соңғы жылдар аралығындағы барлық жинағы, пән сөздер сөздігіндегі терминдер орыс тіліндегі аудармасымен бірге кездеседі. Іздеу жолынан салалар бойынша және бекітілген жылы бойынша терминдерді ықшамдап іздеуге болады. Платформаның басты кемшілігі – терминологиялық түсіндірме сөздіктердегі терминдердің дефинициялары берілмеген;

4. Бес мыңнан аса кітапты оқу және тыңдау платформасы – Кітап.кз (<https://kitap.kz/>). Бұл платформадағы сөздікке «Қазақ тілінің әмбебап сөздігі» деген атау берілген. Сөздікке «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі», энциклопедиялар, платформаға енгізілген барлық кітаптар т.б. енгізілген. Сөзді іздегенде сол сөздің сөз табы, дефинициялары, халықаралық атауы, орыс тіліндегі аудармасы, шығармалардағы мысалы берілген.

Мысалы, «тақта» сөзін іздегенде мынадай нәтижелер шықты:

а) зат есім;

ә) дефинициялары: бормен жазуға лайықталып жасалған қара не қызыл түсті оқу құралы; түрлі құлақтандыру, жарнама, күнделікті хабар, газет және т.б. ілінетін арнаулы тақтай; құрылыста, үйлердің, ғимараттардың және т.б. іші-сыртын қаптауға, еденге төсеуге, төбесін жабуға пайдаланылатын құрылыстық құрылым;

б) мысалдар: социалистік міндеттеме жазылған тақта ерекше көз тартатын («Социалистік Қазақстан»); тақтатастан (гранит, мәрмәр), бетоннан, темір-бетоннан, керамикадан, гипстен, асбестцементтен, шыныдан, ағаштан және т.б. дайындалады (ҚҰЭ) т.б.

Белгілі бір сөз туралы ақпаратты бірнеше сөздік ішінен тауып, жинап беретін жиынтық веб-сөздіктер бар. Олардың қатарына мына сөздіктер кіреді:

Сөздікқор (<https://sozdikqor.kz/>) платформасы – сөздердің дефиницияларын, синонимдерін, омонимдерін, антонимдерін, фразеологиялық және сөз тіркестерді, сөйлемдерді «Қазақ әдеби тілінің сөздігінен», М. Қашқаридің «Түрік сөздігінен», Б. Қалиевтің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен», «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінен» т.б. көптеген сөздіктер мен энциклопедиялардан, оқу құралдарынан іздеуге мүмкіндік беретін платформа. Бұл платформада сөздердің сөз табы, дефинициялары, дереккөзі, латынша транслитерациясы, кейбір сөздер мен сөйлемдердің дыбысталуы берілген.

Қазақ тіліндегі көптеген сөздіктердің қорын құрайтын платформалардың бірі – Словопедия (<http://kaz.slovopedia.com/>). Бұл платформаларда мынадай сөздіктер кездеседі: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі, Философиялық терминдердің сөздігі, Б. Қалиевтің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», Синонимдер сөздігі, Арабша-қазақша тілашар, Қазақша-ағылшынша сөздік т.б.

Лұғат сөздіктер (<https://lugat.kz/>) – Ағылшынша-қазақша сөздік, Орысша-қазақша сөздік, Түсіндірме сөздік, Түрікше-қазақша сөздік, Аймақтық сөздік, Орфографиялық сөздік, Синонимдер сөздігі, Арабша-қазақша сөздіктерді қамтитын жиынтық сөздік.

Бұл сөздіктен «үй» сөзін іздегенде мынадай нәтиже шықты:

- 1) Қазақша-ағылшынша сөздік: house (үй (ғимарат)), family (үй іші), block (үй алабы) т.б.;
- 2) Түсіндірме сөздік: үй – белгілі бір қоғамдық қажеттілік үшін пайдаланылатын орын, мекеме; үй іші – үй адамдары, отбасы мүшелері; үй иесі – үй қожасы т.б.;
- 3) Қазақша-орысша сөздік: үй – гнездо (перен.) (домашний очаг), двор; үй ішін сәндеу – декорирование с. ~ помещения т.б.;
- 4) Синонимдер сөздігі: баспана; үй іші – отбасы, жанұя т.б.;
- 5) Қазақша-арабша сөздік: بيت, منزل т.б.;
- 6) Қазақша-түрікше сөздік: ev (үй); ev içi (үй іші) т.б.

Аталған сөздіктерден бөлек көптеген сөз бен сөз тіркестердің мысалдары мен олардың дереккөздері жинақталған интернет платформа бар. Ол – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының картотекалық қорының ТБИ картотека (<https://tbikartoteka.kz/>) платформасы. Мұнда қазақ тіл білімі ғалымдары өңір-өңірден, газет-журналдардан жинаған жеке әдеби сөздер, сөз тіркестері мен олардың мысалдарының көптеген картотекасы сканерленген нұсқалары жинақталған. Мысалы, «алан» сөзін іздегенде мынадай мысалдар шықты: «Алан мен Қыпшақты жеңе алмайтынына көзі жеткен монғолдар Қыпшақтарға көп тартумен «сендер бізбен қандас елсіңдер, аландар бөтен жұрт, біз сендермен бітімге келеміз, оларға болысушы болмандар» деп кісі салды», «Солтүстік Кавказда тұратын алан жұрты «монғолға бірігіп қарсы тұрайық» деп Қыпшақтарды болысуға шақырды» және т.б. Сонымен қатар қазақ тілін меңгеріп жатқан азаматтарға арналған – Тілқұрал (<https://tilqural.kz/>) платформасы да кездеседі. Бұл платформадағы сөздік А1 – қарапайым деңгей, А2 – базалық деңгей, В1 – орта, В2 – ортадан жоғары, С1 – жоғары деңгейлерді қамтиды. Әр деңгей әртүрлі тақырыптарды, мысалы, әуесқойлық, денсаулық, менің мүмкіндіктерім және т.б. қамтиды. Мұнда кез келген сөзді іздеу мүмкіндігі қарастырылмаған. Тақырыптарда сөздер мен сөз тіркестері және олардың дыбысталуы да бар.

Электрондық сөздік жасаудың халықаралық тәжірибелерін қарастырдық. Олардың ішінде Кесте 2-де Тәуелсіз мемлекеттер достығына (ТМД) мүше мемлекеттердің электрондық сөздіктеріне жалпы шолу жасалды. Ал Кесте 3-те Ұлыбритания, АҚШ пен Ресейдің электрондық сөздіктері сипаттарына қарай түрлерге бөлінді.

Кесте 2 – ТМД-ға мүше мемлекеттердің электрондық сөздіктері

Таблица 2 – Электронные словари государств-членов СНГ

Table 2 – Electronic Dictionaries of CIS member States

Елдер	Электрондық сөздіктер
Әзербайжан	Obastan сөздігі (https://obastan.com/)
Қырғызстан	Эл-Сөздук.кг (https://el-sozduk.kg/), Эл-Сөздүк (https://tamgasoft.kg/dict/)
Өзбекстан	Лугат.уз (http://www.lugat.uz/), Орысша-өзбекше онлайн аударма мен сөздік (http://solver.uz/), Кәсіби аударманың онлайн сервисінің сөздігі (https://freelance.from-to.uz/dictionary)
Тәжікстан	Зафар Усмонов атындағы Ақпараттық технологияларды дамыту орталығының сөздігі (https://tajlingvo.tj/ru/online-slovar), Луғат (https://lugat.tj/), Офтоб.ком (https://oftob.com/), Орысша-тәжікше сөздік (https://rusko-tadzhikskij-slovar.slovaronline.com/), Вожаҷу (https://vazhaju.tj/), Сахифа.тж (https://sahifa.tj/)
Армения	Бараран.ру (http://brn.ru/ru/brn/), ISMA түсіндірме сөздігі (http://translator.am/ru/index.html)
Беларусь	Скарник сөздігі (https://www.skarnik.by/), Орыс-беларусь сөздігі (https://rusko-belorusskij-slovar.slovaronline.com/)
Молдова	Молдовениидің орысша-молдо/румынша сөздігі (https://www.moldovenii.md/md/lexicon), Румын тілінің сөздіктері (https://www.dex.md/)

Кесте 3 – Халықаралық электрондық веб-сөздіктердің түрлері

Таблица 3 – Типы международных электронных веб-словарей

Table 3 – Types of international electronic Web Dictionaries

<i>Сөздіктің түрлері</i>	<i>Электрондық сөздіктер</i>
Аударма сөздіктер	ABBYY Lingvo x6, Мультигран, Prompt, Polyglossum
Әмбебап сөздіктер	Cambridge Dictionary, Merriam-Webster Dictionary, Collins Dictionary, Thesaurus.com, Dictionary.com
Тарихи сөздік	Oxford English Dictionary
Сленг сөздіктер	Green's Dictionary of Slang, Urban Dictionary
Визуалды сөздіктер	Visuwords, Visualthesaurus
Түсіндірме сөздік	Ozdic.com
Жиынтық сөздік	OneLook Dictionary Search

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты отандық және халықаралық тәжірибелерді ескере отырып әзірлеген, пайдаланушыларға арналған тұңғыш қазақ тіліне арналған әмбебап электрондық сөздіктің (<https://tbisozdik.kz/>) сипаттары Кесте 4-те көрсетілді, ал оның отандық электрондық сөздіктермен ұқсастығы мен айырмашылығы Кесте 5-те берілді.

Кесте 4 – Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігінің әмбебап сипаттары

Таблица 4 – Универсальные свойства универсального электронного словаря казахского языка

Table 4 – Universal properties of the Universal electronic Dictionary of the Kazakh language

<i>Ақпарат түрі</i>	<i>Сипаттамасы</i>
Реестрлік сөз туралы ақпарат	Жеке түбірден құралған сөздер ғана емес, дефиспен жазылған сөзді реестрден анықтайды.
Орфограммалық ақпарат	Дұрыс және қате нұсқаларды көрсетеді.
Салаға қатысты ақпарат	Өртүрлі сала бойынша белгіленімін көрсетеді.
Тіл игеру деңгейіне қатысты ақпарат	Әр сөзді мына тіл игеру деңгейлеріне қарай іздеп табады: A1 – қарапайым деңгей A2 – базалық деңгей B1 – орта деңгей B2 – ортадан жоғары деңгей C1 – жоғары деңгей
Этимологиясына қатысты ақпарат	Сөздің қай тілден шыққанын шартты қысқартуларға қарап анықтауға болады. Этимологиясы сол тілде жазылған.
Халықаралық атауы туралы ақпарат	Терминнің латын, грек, т.б. тілдердегі ғылыми баламасы берілген.
Орфоэпиялық ақпарат	1) аудиомен берілген 2) транскрипциясымен берілген.
Графикалық ақпарат	Қазақ жазуын латынға көшіру мәселесі ескеріліп, қазақ тіліндегі латынша транскрипциясы берілген.
Грамматикалық ақпарат	1) сөз құрамы мен тұлғасын анықтайды 2) сөз табын анықтайды 3) сөздің алды-артынан тіркесетін сөздерді анықтайды.
Лексикологиялық-семантикалық ақпарат	1) мағынасы 2) мысалдары 3) омонимдік қатары 4) синонимдік қатары 5) Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы мысалдар мен тілдік деректер беріледі 6) Қазақ тілінің ұлттық сөздік қорындағы (картотекадағы) мысалдар берілген.
Фразеологиялық өрісі туралы ақпарат	1) фразеологизмдер 2) фразеологизмдердің дефинициялары
Паремиялогиялық өрісі туралы ақпарат	Мақал-мәтелдер берілген.
Аудармалық өрісі туралы ақпарат	1) орыс тіліне аударарды 2) ағылшын тіліне аударарды

Кесте 4 жалғасы / Продолжение Таблицы 1 / Continuation of Table 1

Омонимдік өрісі туралы ақпарат	Өр омонимнің мынадай тілдік ақпараттары берілген: 1) сөз табы 2) мағынасы 3) саласы 4) мағынасы 5) мысалдары 6) синонимдері 7) тіркесімділігі 8) фразеологизмдері 9) орысшасы 10) ағылшыншасы
--------------------------------	---

Кесте 5 – Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігінің отандық электрондық сөздіктермен ұқсастығы және айырмашылықтары

Таблица 5 – Сходства и различия универсального электронного словаря казахского языка с отечественными электронными словарями

Table 5 – Similarities and differences of the Universal electronic Dictionary of the Kazakh language with Domestic electronic Dictionaries

<i>Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігінің отандық электрондық сөздіктермен ұқсастығы</i>	
Әртүрлі сала бойынша белгіленімін көрсетеді.	
Сөздің қай тілден шыққанын шартты қысқартуларға қарап анықтауға болады. Этимологиясы сол тілде жазылады.	
Қазақ жазуын латынға көшіру мәселесі ескеріліп, қазақ тіліндегі латынша транскрипциясы берілген.	
Сөз табын анықтайды.	
Сөздің алдында және соңында тіркесетін сөздерді анықтайды.	
Сөз мағынасын, мысалдарын, омонимдерін, синонимдерін табады.	
Фразеологизмдер дефиницияларымен бірге берілген.	
Өр омонимнің мағынасы, сөз табы, мағынасы, мысалдары берілген.	
Жеке сөздерді орыс және ағылшын тілдеріне аударарды.	
Орфоэпиялық ақпарат аудиомен берілген.	
Сөз құрамын анықтайды.	
<i>Айырмашылығы</i>	
<i>Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігі</i>	<i>Отандық электрондық сөздіктер</i>
Жеке түбірден құралған сөздер ғана емес, дефиспен жазылған сөзді реестрден анықтайды.	Тек жеке түбірден құралған сөздерді іздейді.
Дұрыс және қате нұсқаларды көрсетеді.	Тек дұрыс нұсқасын ғана көрсетеді.
Өр сөзді тіл игеру деңгейлеріне қарай іздеп табады.	Өр сөзді тіл игеру деңгейлеріне қарай іздемейді. Сөздер жалпы деңгейге қарай бөлініп, бір жерге жинақтап берілген.
Терминнің латын, грек, т.б. тілдердегі ғылыми баламасы берілген.	Терминнің латын, грек, т.б. тілдердегі ғылыми баламасы берілмеген.
Орфоэпиялық ақпарат транскрипциясымен берілген.	Орфоэпиялық ақпарат транскрипциясымен берілмеген.
Сөз тұлғасын анықтайды.	Сөз тұлғасын анықтамайды.
Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы және Қазақ тілінің ұлттық сөздік қорындағы (картотекадағы) мысалдар мен тілдік деректер берілген.	Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы мысалдар мен тілдік деректер және Қазақ тілінің ұлттық сөздік қорындағы (картотекадағы) мысалдар берілмеген.
Мақал-мәтелдер берілген.	Мақал-мәтелдер берілмеген.
Өр омонимнің саласы, синонимдері, тіркесімділігі, фразеологизмдері, орысша және ағылшынша аудармасы жеке-жеке берілген.	Өр омонимдік мағынаның саласы, синонимдері, тіркесімділігі, фразеологизмдері, орысша және ағылшынша аудармасы жеке берілмеген.
Реестрдегі сөз туралы барлық тілдік ақпарат сайттың бір бетіне орналастырылған.	Реестрдегі сөз туралы барлық тілдік ақпарат сайттың бірнеше бетіне орналастырылған.
Сөздіктің тілдік деректер базасына 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» және институт мамандары жасаған өнімдері енді.	Сөздіктің тілдік деректер базасына 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігімен» қатар әр түрлі ғалымдар жасаған көптеген сөздіктер еніп, электрондық сөздіктердің жалпы жиынтығынан құралған.

Веб-сөздік негізіне мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

- 1) электрондық веб-сөздіктің сайты жасау;
- 2) сол сайтқа лайықтап тілдік дерекқорды, яғни баспадан шыққан сөздіктердің, сала мамандарының жасаған жұмыстарының электрондық дерекқорын жинау;
- 3) сол дерекқордағы ақпараттарды сұрыптап, өңдеп, ретімен веб-сөздіктің сайтына салу;
- 4) веб-сөздік сайтының жұмысын бірнеше қайтара тексеріп, кемшіліктерін жойып, жетілдіріп, пайдаланушыларға ұсыну.

Бұл міндеттерді орындау үшін мынадай жұмыстар жасалды:

1. Интернет платформасында электрондық веб-сөздіктің сайты ашылып, оның дизайны, интерфейсі, бұйрықтық пернелері және жалпы бағдарламасы әзірленді;


2. Веб-сөздік сайтына арналған тілдік дерекқор жиналды. Ол сайтқа кез келген нұсқа (.pdf, .jpeg, .doc, т.б.) жарамайтындықтан, тек «xlsx» нұсқасындағы деректер ғана қолданылып, қолда бар сөздіктерді «xlsx» нұсқаға айналдыру және Институт ғалымдарының осы нұсқада жасаған жұмыстарын алу қажеттілігі туындады. Соған орай А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары әзірлеген 15 томдық «Қазақ әдеби тілі сөздігінің», қазақша-орысша сөздіктің, орфограммалардың, фразеологизмдер мен сөз тіркестердің, сөздер тіркесімділігінің, синонимдердің, біріккен сөздердің, қос сөздердің, лексикалық минимумдардың (A1, A2, B1, B2, C1), транслитерацияның «xlsx» нұсқасындағы дерегі алынып, веб-сөздік сайтына енгізілді;

3. Институттың Қазақ тілінің ұлттық корпусы (<https://qazcorpus.kz/>), ТБИ картотека (<https://tbikartoteka.kz/>), Орфоэпиялық конвертер (<https://v2.qazcorpus.kz/taldau3/>), Синонимайзер (<https://qazcorpus.kz/tools/sinonim/index.php>), Транслитерация (<https://v2.qazcorpus.kz/qazlat/>) сынды өнімдері веб-сөздікке «байланды»;

4. 15 томдық «Қазақ әдеби тілі сөздігінде» кездесетін сөздердің этимологиясы, халықаралық атауы, сөздердің мағыналары ажыратылып, сайтқа жеке-жеке енгізілді;

5. Веб-сөздік жұмысын бірнеше рет тексеру нәтижесінде олқылықтары жойылып, жұмысы жақсартылды. Сөздікті толықтыру, өңдеу және жетілдіру жұмыстары мұнымен тоқтамай, жалғасып жатыр.

Сонымен бірге мынадай қиындықтар да кездесті: «xlsx» нұсқадағы кейбір электрондық сөздіктердің болмауы, электрондық нұсқадағы омонимдердің ажыратылмауы, сөздердің дыбысталмауы т.б. Бүгінде бұл мәселелерді шешу үшін көптеген жұмыстар жүргізілуде. Электрондық веб-сөздіктің скриншоты Сурет 1-де көрсетілген.



Сурет 1 – Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігінің интерфейсі

Рисунок 1 – Интерфейс универсального электронного словаря казахского языка

Figure 1 – Interface of the Universal electronic Dictionary of the Kazakh language

Электрондық веб-сөздікке Тіл білімі институтының электрондық платформалары «байланды». Олардың қатарында «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» мен Институттың картотекалық қорының «ТБИ картотека» атты веб-ресурсы бар. Бұл платформалар сөздікке үлкен қор болу

арқылы сөздік ауқымын кеңейтті. Себебі Қазақ тілінің ұлттық корпусында 65 миллионға жуық сөзқолданыс пен 16 ішкорпус қамтылғандықтан, сөздіктен тілдік бірліктерге көптеген мысалдар алынды. Ал Институт ғалымдары жинаған сөздер мен олардың мысалдарынан, мысалдардың дереккөздерінен тұратын, цифрланған 3 миллионнан астам қима қағаздың «jрег» нұсқасын қамтитын «ТБИ картотека» платформасы сөздіктің тілдік қорын арттырып қана қоймай, тарихи семантикасының өрісін де кеңейтті. Себебі бұл платформада 1930-1986 жылдар аралығындағы беделді авторлар мен академиялық басылымдардан, құнды кітаптардан, халықтың тіл қазынасынан жинақталған қазақтілді жазбаша сөз қоры жиналған.

Сөздіктен сөз іздегенде мынадай нәтижелер шығады: латынша транслитерациясы, сөз құрамы, лексикалық минимумы, дыбысталуы, орфоэпиясы, орфограммалары (дұрыс және қате нұсқалары), түбірі, сөз табы, мағыналары, этимологиясы немесе халықаралық атауы, синонимдері, өзге сөздермен алды-артынан тіркесімділігі, орысша аудармасы, сөз тіркестері мен фразеологизмдері және олардың дефинициялары берілген.

Мысалы, «кітап» сөзін іздегенде мынадай ақпараттар шығады:

- 1) Латынша транслитерациясы: kitap;
- 2) Лексикалық минимумы: A1 (ішінде тізімі бар);
- 3) Сөз құрамы: дара;
- 4) Орфограммалары: дұрыс нұсқасы (кітап), қате нұсқалары (кітәп, кітаб);
- 5) Түбірі: кітап;
- 6) Сөз табы: зат есім;
- 7) Этимологиясы: ар. کتاب; ;
- 8) Мағыналары:

а) мерзімсіз баспасөз басылымы көркем-әдеби, қоғамдық саяси, ғылыми-практикалық мазмұндағы туынды;

ә) есеп-қисап, мәлімет т.б. мағлұматтарды тіркеп, жазып отыратын түптелген таза ақ қағаз, қалың дәптер;

б) мектеп оқушыларына арнап, белгілі оқу бағдарламасына негізделіп жазылған оқулық.

в) ауыс. Құран;

9) Мысалдар: Ахмет Байтұрсынұлы «Оқуға шақыру»: *Аллалап, ал кітапты қолдарыңа! Кекілбаев Әбіш «Түйелер»: Келеді ұзын көш шұбалып, Кебежеде кітап жоқ, ірімшік. Әбділда Тәжібаев «Ашықтар»: Қолтықтап жуан жуан кітаптарын, Бос тастап иығына тар шапанын, Барады өрлеп дөңге балғын ақын Шолуға алыстармен ауыл маңын т.б.;*

10) Тіркесімділігі: *кітап жүктеу, кітап оқу, кітап сөзі, қызыл кітап;*

11) Орысшасы: книга;

12) Ағылшыншасы: book;

13) Фразеологизмдері және мағыналары: *кітап кемірді* (кітапты көп оқыды, бас алмады), *кітап басу* (қолжазбаны дайын кітап етіп шығаратын полиграфиялық өндіріс процестерінің жиынтығы), *алтын кітап* (құрметті еңбек озаттары, үлгілі, табысты азаматтар тіркейтін кітап) т.б.;

14) Сөз тіркестері және мағыналары: *қызыл кітап* (көне дәуірлерге тән, бұл күнде сирек ұшырайтын аң-құстарды тіркейтін кітап), *еңбек кітапшасы* (еңбек өтілін көрсететін, істеген қызметін жазып отыратын құжат) т.б.

Электрондық сөздіктердің ғылыми зерттеулердегі, білім берудегі, коммуникациядағы және мәдениеттегі маңыздылығы күннен күнге артып келеді. Олардың үлкен дерекқоры зерттеушілерге әртүрлі ғылыми салалардағы соңғы жаңалықтар мен жарияланымдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Электрондық сөздікті жасанды интеллектіге интеграциялауға болады. Қазақтілді кез келген жасанды интеллекті электрондық сөздікті өз дерекқорына енгізіп, пайдаланушыларға сөздіктегі тілдік деректерді электрондық сөздік сілтемесімен бірге бере алады.

Қорытынды

Баспадан шыққан лексикографиялық сөздіктердің орнын бүгінде электрондық сөздіктер басуда. Әлемнің озық елдері мемлекеттік тілдерінің жан-жақты қырын ашатын әртүрлі сөздіктердің электрондық нұсқаларын жасаған. Мақалада А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеген «Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігінің» сипаттамасы көрсетіліп, өзге отандық сөздіктермен ұқсастығы мен айырмашылықтары анықталды, сондай-ақ бағдарламалық

құрылымы мен мазмұны баяндалды. Цифрлық ресурстағы мұндай сөздік тілді цифрландыру ісінде, қолданысын кеңейтуде, әрбір сөз туралы терең ақпарат алуда және тілдің өміршеңдігін арттыруда аса маңызды электрондық құрал деп есептейміз.

Бұл әмбебап электрондық сөздік болашақта қазақ тілін зерттеушілерге және қазақ тілін меңгерушілерге бағытталып, дамып, толыға түседі. Атап айтқанда:

1) қазақ тілін зерттеушілерге бағытталған веб-сөздік мыналармен толығады:

а) іздеу жолына бірнеше категория бойынша сүзгілер қосылады;

ә) веб-сөздікті пайдалану жолын түсіндіретін жасанды интеллектіге негізделген бот іске қосылады;

б) барлық сөздер мен сөз тіркестері дыбысталатын болады;

в) дара және күрделі сөздерге грамматикалық талдау жасалады;

г) күрделі сөздер түріне қарай тереңірек ашылады;

ғ) омонимдердің электрондық нұсқасы ажыратылып, веб-сөздік құрамына енеді;

д) фразеологизмдер мен сөз тіркестерінің және олардың мағыналарының ара-жігі ажыратылып, жеке-жеке көрініс табады;

е) диалектілік сөзқолданыстар енеді (Қазақстан өңірлеріндегі отандастар мен шетелдегі қандастардың тілі);

ж) ассоциациялық сөздік енеді;

з) тарихи этимологиялық сөздік енеді;

и) ономастикалық сөздіктер енеді;

й) антонимдер сөздігі қосылады;

к) қазақ тілін ағылшын, француз, неміс, қытай және т.б. тілдерге аударатын аударма сөздіктер енеді;

к) өзге де сөздіктермен толығады;

л) «Сөзтексер» электрондық платформасы байланады;

м) болашақта Институт жасаған өзге өнімдермен де толығып отырады;

н) ай сайын жаңа сөздер жеке парақшада мысалдарымен және дереккөзімен бірге шығып отырады, жыл соңында көп қолданылған «жыл сөзі» жарияланады.

2) Қазақ тілін меңгерушілерге бағытталған веб-сөздік мыналармен толығады:

а) қазақ тілін меңгерудің әр деңгейі (қарапайым мен күрделі деңгей арасындағы) және сол деңгейдің тақырыптары бойынша тілді меңгерушілер білуі керек дара сөздер мен күрделі сөздер, сөйлемдер және олардың дыбысталуы, мысалдары енеді;

ә) деңгейлік тапсырмалар, ойындар қосылады;

б) қазақ тілін үйрететін жасанды интеллекті іске қосылады;

в) шетелдік қазақ тілін меңгерушілерге қазақтілді ортамен байланыс орнатуға мүмкіндік беретін парақша ашылады т.б.

Әдебиеттер

Акимова Э.Н., Акимов В.Л. Электронный словарь диалектных фразеологизмов // Вестник ННГУ. – 2013. – №6-2. – С. 1-3.

Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының жүйесі. – Астана, 2005. – 208 б.

Вепрева Т.Б. Расширение словаря магистрантов неязыковых обеспечивают подготовку при помощи онлайн-ресурсов // Вестник Череповецкого государственного университета. – 2017. – №6 (81). – 165 с.

Ефремова А.Н. Комплексный электронный словарь: особенности проектирования // Известия РГПУ имени А.Герцена. – 2015. – №178. – С. 40.

Көбденова Г. Электронды сөздік – заман талабы. – 2013. – URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/16025> (қаралған күні: 03.05.2024).

Кузьмина Р.В. Электронный словарь Oxford English Dictionary как основа проектной деятельности студентов // Вестник Гуманитарного института. – 2021. – №2. – С. 179-186.

Құлманов С.Қ., Бисенғали А.З., Шүленбаев Н.Қ., Омарова А.Д. Қазақ цифрлық терминологиясы: терминологиялық ішкорпус әзірлеу тәжірибесі (метамәтіндік және терминологиялық белгіленімдер параметрлері) // TILTANYM. 2024; (1): 155-165.

Мадьярова Г.А., Байсалбаева К.Н., Ибрайымқызы А. Сравнительный анализ существующих электронных словарей // Statistics, account and audit. – 2021. – 320 с.

Марус М.Л. Современные многоязычные электронные словари // Электронный научно-методический журнал

Омского ГАУ. – 2015. – №3(3). – С. 68-70.

Морель Морель Д.А., Шатилина С.И., Шашкин Л.М. Электронный словарь как средство обучения и исследовательский ресурс // Альманах современной науки и образования. – Тамбов: Грамота, 2008. – №8 (15): в 2-х ч. – Ч. I. – С. 132-133.

Фесенко О.П., Лаухина С.С. Электронные словари как продукт современной лексикографии // Омский научный вестник. – 2015. – №4(141). – С. 46-47.

Critchfeld, T.S. Visuwords: A handy online tool for estimating what non-experts may think when hearing behavior analysis jargon // Behavior Analysis in Practice, No.10. P. 318-320. <https://doi.org/10.1007/s40617-017-0173-0>

Karabuta, O., Mandych, T., Lemeshchuk, O. Electronic dictionary of sports metaphors as an instrument to develop the ukrainian computer lexicography // Journal of Information Technologies in Education (ITE). 2020. No.44. P. 42-48. <https://doi.org/10.14308/ite000725>

Karami, S., Riasati, M.J. A Study of Electronic Dictionary Use and Attitudes among Iranian Students of Translation during COVID-19 Pandemic // Education Research International. 2023. P. 2. <https://doi.org/10.1155/2023/7616256>

Makarych, M.V., Popova, Yu.B., Shved, M.O. Electronic Lexicography: Traditional and Modern Approaches // Science and Technique. 2020. Vol. 19. No.5. 424 p.

Sarmila N., Yauri, A.M., Resyadi, H. The Effectiveness of Electronic Dictionaries in Learning Vocabulary at Indonesia Junior High School Context // International Journal of Research on English Teaching and Applied Linguistics. 2022. T. 3. No.2. P. 40-43.

References

Abdirasilov, Ye. (2005) Qazaq terminografiasynyng zhujesi. Astana, 208 b. [Abdrasilov, Ye. (2005) System of Kazakh terminology. Astana, 208 p.] (in Kazakh)

Akimova, E.N., Akimov, V.L. (2013) Jelektronnyj slovar' dialektnyh frazeologizmov. Vestnik NNGU. No.6-2. S. 1-3. [Akimova, E.N., Akimov, V.L. (2013) Electronic dictionary of dialect phraseological units. Bulletin of the National Research University. No.6-2. P. 1-3.] (in Russian)

Critchfeld, T.S. (2017) Visuwords: A handy online tool for estimating what nonexperts may think when hearing behavior analysis jargon. Behavior Analysis in Practice. No.10. P. 318-320. <https://doi.org/10.1007/s40617-017-0173-0> (in English)

Efremova, A.N. (2015) Kompleksnyj jelektronnyj slovar': osobennosti projektirovaniya. Izvestija RGPU im. A.Gercena. No.178. S. 40. [Efremova, A.N. (2015) Comprehensive electronic dictionary: design features. Bulletin of the Russian State Pedagogical University named after A. Herzen. No.178. P. 40.] (in Russian)

Fesenko, O.P., Laukhina, S.S. (2015) Jelektronnye slovaki kak produkt sovremennoj leksikografii. Omskij nauchnyj vestnik. No.4(141). S. 46-47. [Fesenko, O.P., Laukhina, S.S. (2015) Electronic dictionaries as a product of modern lexicography. Omsk Scientific Bulletin. No.4(141). P. 46-47.] (in Russian)

Karabuta, O., Mandych, T., Lemeshchuk, O. (2020) Electronic dictionary of sports metaphors as an instrument to develop the ukrainian computer lexicography. Journal of Information Technologies in Education (ITE). No.44. P. 42-48. <https://doi.org/10.14308/ite000725> (in English)

Karami, S., Riasati, M.J. (2023) A Study of Electronic Dictionary Use and Attitudes among Iranian Students of Translation during COVID-19 Pandemic. Education Research International. P. 2. <https://doi.org/10.1155/2023/7616256> (in English)

Kobdenova, G. (2013) Jelektronnyj sozdik – zaman talaby. [Kobdenova, G. (2013) Electronic dictionary – a requirement of the times]. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/16025> (review date: 03.05.2024). (in Kazakh)

Kuz'mina, R.V. (2021) Jelektronnyj slovar' Oxford English Dictionary kak osnova projektnoj dejatel'nosti studentov. Vestnik Gumanitarnogo instituta. No.2. S. 179-186. [Kuz'mina, R.V. (2021) Electronic dictionary Oxford English Dictionary as the basis of students' project activity. Bulletin of the Humanitarian Institute. No.2. P. 179-186.] https://doi.org/10.6060/BHIISUCT2021_179 (in Russian)

Mad'jarova, G.A., Baisalbaeva, K.N., Ibrajymqyzy, A. (2021) Sravnitel'nyj analiz sushhestvujushhih jelektronnyh slovar'ej. Statistics, account and audit. 320 s. [Madyarova, G.A., Baisalbayeva, K.N., Ibrajymqyzy, A. (2021) Comparative analysis of existing electronic dictionaries. Statistics, account and audit. 320 p.]. <https://doi.org/10.51579/1563-2415.2021-1.44> (in Russian)

Makarych, M.V., Popova, Yu.B., Shved, M.O. (2020) Electronic Lexicography: Traditional and Modern Approaches. Science and Technique. Vol. 19, No.5. P. 424. <https://doi.org/10.21122/2227-1031-2020-19-5-421-427> (in English)

Marus, M.L. (2015) Sovremennye mnogojazychnye jelektronnye slovaki. Jelektronnyj nauchno-metodicheskij zhurnal Omskogo GAU. No.3(3). S. 68-70. [Marus, M.L. (2015) Modern multilingual electronic dictionaries. Electronic scientific and methodological journal of Omsk State Agrarian University. No.3(3). P. 68-70.] (in Russian)

Morel' Morel', D.A., Shatilina, S.I., Shashkin, L.M. (2008) Jelektronnyj slovar' kak sredstvo obuchenija i issledovatel'skij resurs. Al'manah sovremennoj nauki i obrazovaniya. Tambov: Gramota. No.8 (15): v 2-h ch. Ch. I. S. 132-133. [Morel' Morel', D.A., Shatilina, S.I., Shashkin, L.M. (2008) Electronic dictionary as a teaching tool and research resource. Almanac of Modern Science and Education. Tambov: Diploma. No.8(15): in 2 hours. Part 1. I. C. P. 132-133.] (in Russian)

Qulmanov, S.Q., Bisengali, A.Z., Shulenbaev, N.Q., Omarova, A.D. (2024) Qazaq cifrlyq terminologijasy: terminologijalyq ishkorporus azirleu tazhiribesi (metamatindik zhane terminologijalyq belgilenimder parametrleri). TILTANYM. (1): 155-165. [Kulmanov, S.K., Bissengali, A.Z., Shulenbayev, N.K., Omarova, A.D. (2024) Kazakh digital terminology: experience in developing a terminological subcorpus (parameters of meta-textual and terminological

designations). TILTANYM. (1): 155-165. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-155-165> (in Kazakh)

Sarmila, N., Yauri, A.M., Resyadi, H. (2022) The Effectiveness of Electronic Dictionaries in Learning Vocabulary at Indonesia Junior High School Context. International Journal of Research on English Teaching and Applied Linguistics. T. 3. No.2. P. 40-43. <https://doi.org/10.30863/ijretal.v3i2.3903> (in English)

Vepreva, T.B. (2017) Rasshirenie slovarja magistrantov nejazykovyh obespechivajut podgotovku pri pomoshhi onlajn-resursov. Vestnik Cherepoveckogo gosudarstvennogo universiteta. No.6(81). S. 165. [Vepreva, T.B. (2017) Expanding the vocabulary of non-linguistic undergraduates provides training using online resources. Bulletin of Cherepovets State University. No.6 (81). P. 165.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 26.03.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.09.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.09.2025.

© Ескендір Ж.Е., Құлманов С.Қ., Қайранбаев Н.А., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

